

**Қазақстан және Моңғолиядағы қазақтардың музыкалық байланысы
(1950-2010). Мәдениеттің Трансплантациялануы және фонограмма
қолдануы**

Фуки Яги

антропология магистрі, Шига префектура университетінің Аймақтық мәдениет Институтының қызметкері. 2500 Жапония Hassaka-tyo, Hikone city, Shiga prefecture, 522-8533. E-mail: fuyagi32@gmail.com

Түйін. Қазақ деген ұлт Орттық Азияда Қазақстан, Моңғолия, Қытай Шыңжаң шегімен бөлініп жатыр. Социализм кезінен қазірге дейін әр өлкедегі қазақтар өз музыка мәдениетін қалыптастырып келді. Сондықтан елдің әр аймағында өзгеше қазақ халық әндерінің мәдениеті туылған. Бірақ солай бөлек мәдениеті құрылғанына қарамастан Моңғолиядағы қазақтар өздері сақтап келген әндерін орындамай, Қазақстанда туған әндерді орындайды. Осы мақалада Моңғолиядағы қазақтар неге өз әндерін орындамай Қазақстанның әндерін орындайтыны жөнінде 1950 жылдар мен 2000 жылдардағы музыканың жағдайына талдау жасау арқылы анықтауға тырысамыз. 1950 жылдарда Моңғолияның батыс өлкесінде Моңғолия және Қазақстан республикасының саясаты бойынша Музыка Драма Театр орналасқанда, Қазақстаннан музыка мұғалімдері келіп, Баян-Өлгийдің музыканттары Қазақстанға барып, жоғары мектепте музыка жүйесін оқу кезінде Қазақстанның «музыка мәдениеттің трансплантациясы» еткенін анықтадық. 2000 жылдардан бері электрлік музыка мен телефон, Интернет технологиясы дамығандықтан, Қазақстанда жасалған фонограмма Баян-Өлгийге толығымен келіп, көпшілік қауым жиналған кезде үнемі қолданылуда.

Түйін сөздер: Моңғолиядағы қазақтар; этномузыкалогия; қазақ әндері; ұлттық мәдениеттің қалыптасуы; мәдениеттің трансплантациясы; фонограмма; мәдениеттің қабылдануы.

1. Кіріспе

1-1. Зерттеудің мақсаты. Әуел баста «Ұлттық мәдениет» дегенді зерттегенде, осы сөздің беретін мағынасы әр ұлт, халықта әр бөлек болады. Ерекше Социализм өтіп, мемлекет болса үкіметі жаңадан ұлттық мәдениет қалыптастыру. Сонда да шегімен бөлініп, әр жерде тұрған ұлт халықтар болғандықтан, әр мәдениет, әр ұлт болса да мемлекеттің саясаты бойынша жүргендіктен, мәдениеті бөлек болуы жөн.

Бірақ Орталық Азияда тұрған Қазақтар, Моңғолияда тұрған Қазақтардың ерекше мәдениетін қарағанда осы жағдайдан өзгеше болуда. Моңғолиядағы Қазақтар ретінде өзінің әндерін ойнамай, Қазақстанның әндерін ойнап жатқаннан байқалады.

Мен 2010 жылы алғаш Моңғолияның батысы Баян-Өлгий аймағында тұрғанда бір отбасы құру тойына шақырып, сонда қатыстым. Үлкен залда әдемі тамақтар қойып, 200-ден астам қонақтар келіп, кейбір адамдар ән айтып, билеген. Сол әндерді алғаш тыңдағанда, Моңғолия Қазақтарының дәстүрлі әндері деп ойлап, кісілерден сұрасам, «Олай емес, Қазақстанның Эстрадалық әндері ғой» дейді. Содан кейін «Қазақстаннан басқа елдегі Қазақтар Қазақстанның әндерін ойнап жатыр. Осындай шетел мемлекетте тұрған Қазақтар ішінде неге Қазақстанның әндері орындап жатыр?» – деген сұрақтар туындады.

Осы Мақаламызда Моңғолиядағы Қазақтардың музыка мәдениеті жайлы 1950 жылдардан бері қалай Қазақ ән, күй мәдениет қалыптасқанын «Мәдениеттің трансплантация» және «Фонограмма қолдануы» деген екі жағдай арқылы баяндаймыз. Сондай-ақ, Моңғолия Қазақтары ғана емес Қазақстан, Моңғолия мемлекеттері қалай Баян-Өлгий немесе Моңғолиядағы Қазақтарға көңіл бөлгені жайлы жазбақышымыз.

Осы мақаламызда айтылған Моңғолия батыс өлкесі Баян-Өлгий аймағында тұрған Қазақтар. Баян-Өлгий аймағы 1940 жылы Қазақтар мен Урианхайлардың аймағы деп орнаған (Sultan&Zulkafil' 2013). Сол кезден Баян-Өлгийдегі Қазақтардың саны Моңғолдардан көп болып, қазір де аймақтағы халық санының 90 пайызы Қазақтар болып жатыр. 2010 жылдағы халық саны 88056 адам болған (BÖASKH 2013, S. 50). Аймақ көлемі 45 мың км². Баян-Өлгий аймағы ішінде 14 сұм бар.

Моңғолиядағы Қазақтар 1860 жылдардан бері Шыңжаң өлкесінен Алтайдың ар жағына көшіп келіп, қазірге дейін Моңғолия елінің ішінде өмір сүріп жатыр. 1992 жылдан кейін Қазақстан тәуелсіз мемлекет болған соң Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шетел елде тұрған Қазақтарды өзі Отанға шақырғандықтан, Моңғолиядағы Қазақтардың жарым пайызы Қазақстанға көшіп кетті.

1-2. Зерттеу еңбектері. Социализм кезіндегі Ұлттық мәдениет жайлы Жапония Зерттеушісі Ватанабенің айтуынша, 2 жағынан баяндайды дейді. Бірінші, Социализм идеясы өтіп, Советтің жаңа мәдениеті әр ұлттың мәдениетін басып кеткен деген, Екіншісі, Социализм өтіп, республика үкіметі әр ұлттық мәдениетімен дамыған деген (Watanabe 1999, S. 3). Бірақ Ватанабе антропологы осындай екі жағынан зерттеуі емес, содан әр ұлт халықтары үшін өзінің «Ұлт» және «Мәдениет» деген сөзге қандай мағынасы болғанын, қандай тарихтан шыққанын зерттеу керек деп белгілеген.

Моңғолия Қазақтарының мәдениеті жайлы, жоғарыда айтқанымыздай, зерттеу еңбегі әлі жоқ. Мысалы: Американдық антрополог Post (2007, 2014) Моңғолиядағы Қазақтардың Музыка мәдениеті жайлы жазған. Соның мақаласында Баян-Өлгий Қазақтары әнді өз тарихымен, жерімен байланыстырып, жалғастырып айтатыны жайын анықтаған. Соның себебі Социализм құлағаннан кейін Моңғолияда шыққан национализмге қарсы тұру үшін Моңғолиядағы Қазақтар айтатын әннің тәжірибиесі арқылы өзінің түпнұсқалығын жаңадан құрған (Post 2007). Тағы бір еңбегінде Моңғолия Қазақтардың Көші-қон жайлы әндердің тарихы белгілі болған (Post 2014). Бірақ аталған екі еңбекте де Социализмнің әсер еткені туралы жазылмаған. Қазақстан және Моңғолия үкіметінің Моңғолиядағы Қазақтардың мәдениетімен байланысы, қарым қатынас жасағаны туралы қарастырылмаған.

Бұрынғы мақалаға қарасақ, Kabidashi Социализм астының Моңғолия және Қазақтың ұлттық мәдениетінің қарым-қатынас жасап қалыптасқанын анықтаған (Kabidashi 1975). Алайда оны толығырақ жазбаған. Сондықтан бұл мақаламызда, Kabidashi айтқандай, социализм кезінде музыка мәдениетін құру үшін Қазақстан және Моңғолия үкіметі Баян-Өлгийге қалай көңіл бөліп, Моңғолиядағы Қазақтардың музыка мәдениеті қалай қалыптасқаны жайлы баяндап, қазіргі жағдайын фонограмма тұрғысынан қарап, баяндаймыз.

2. Музыка мәдениетінің Трансплантациясы және жалған локальдылық (1950~1990). Осы бөлімде Моңғолиядағы Қазақтардың музыка мәдениетінің қалыптасуы жайын анықтаймыз. Қысқаша айтасақ, 1940 жылда орнаған Баян-Өлгий аймағында халық әндері Қазақ республикасы (Совет одағы)-нан қабылданып, қалыптасқан. Сондықтан 1950 жылдарда Баян-Өлгий аймағы Музыка Драма Театрында болған концертте үнемі Қазақстанның әндерін орындап жергілікті, (локальды) «Моңғолиядағы Қазақтардың Фольклорын» ешқашан орындамай келгенін анықтадық.

2-1. Музыка мәдениетінің Трансплантация(1940~1960). Социализм әсер еткен Моңғолияның Батысында 1940 жылы Қазақ және Урианхайдың аймағы деген Баян-Өлгий орнаған. Сол кездегі музыка мәдениеті жайы белгілі емес

болғандықтан, Моңғолия Қазақтардың аймағында қандай фольклорды ойнағаны жайлы жазған кітап та жоқ. Белгілісі, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен бастап осы жерде Социализм мәдениеті орнай бастады.

Біріншіден, 1940 жылдарда Баян-Өлгий аймағында «Клуб» деген мәдениет ұйымы орнап, осында Қазақтың мәдениет ағартушылары жұмыс істей бастады. Кулбта жазушы Б. Ақтан деген басқарушыдан басқа кейін Баян-Өлгий аймағы Музыка Драма Театрдың мүшесі болған көп кісілері жұмыс істеген (Sultan zulkafil' 2013, S. 87). Алайда, Қазақ музыка мәдениетінің бастауы кезінде қандай әндер орындағаны, қандай аспаппен ойнағаны белгілі емес. Кейбір энциклопедияда осындай ұйымда музыка жағынан әрекет еткен деп қана жазылған (Sultan zulkafil' 2013, 87).

1950 жылдары Баян-Өлгийде екі клуб және 13 Қызыл бұрыш болатын (Mongolkhüü 2009, S. 317). Және де кулбтың мүшелері Баян-Өлгий аймағы орналасқан 10 жылдық тойында ойнады (Baast 1951). Содан кейін екі клубтың бірі 1956 жылы Баян-Өлгий аймағының Музыка Драма Театры болып, соның ішінде Би класы, Хор класы, Музыка класы деген үш класстан құрылды (Sultan zulkafil' 2013, S. 91). 1959 жылы Театрда Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі жаңадан құрылды.

Алайда маңыздысы, осындай процесс өткенде, Қазақстан тарапынан үлкен әсер болды. Мысалы, Моңғолиядағы Қазақтар музыка мәдениетін жаңадан құру үшін музыканттары Қазақстанға немесе Мәскеуге оқуға барған. Қабыкей деген дирижёр музыкант 1958 жылы Қазақстанның Алматы қаласындағы Консерваторияға 1 жылдық оқуға барып, Қазақстанның көптеген ән-күйлерін үйреніп, Баян-Өлгийге қайтқаннан соң, оқытқан. Қазақстанның әндерінің ішінде Қазақстанның атаулы күйшілері Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Дәулеткерей сияқты күйшілердің күйлері сол кезден бері Моңғолияда ойнала басталды (Töleukhan, Iskak 1981, S. 69-77). 1961 жылы Мұайф деген музыкант Алматының Консерваториясында оқиды. Сонымен қатар ол Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрында да ойнайды. Содан басқа Ахметбек те 1950 жылдарда Мәскеудегі Чайковский атындағы Ленин Консерваториясындағы музыка даярлау курсына оқыған.

Осындай Қазақстан және Ресейге оқуға баруы 1950 жылдардан үзбей жүргізіліп отырады. Менің қарастырған үстінде айтылған Қабыкей, Мұсайфтен басқа бірнеше музыкант Қазақстан немесе Ресейге барып, музыка жайлы үйренген (Töleukhan, Iskak 1981, Sultan and Zul'kafil' 2009).

Ал Қазақстаннан Баян-Өлгий аймағына Оркестр құрып, музыка теориясы мен практикасын үйрету үшін музыкант, музыка мұғалімі келді. «Баян-Өлгий музыка мәдениеті» атты кітабінде Баян-Өлгий аймағында 1959 жылы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрін құрумен айланысып, Қазақстанның Тастанов Хабидолда, Зоя Жарысбаева сияқты музыканттары Қазақстаннан шақырылып, Баян-Өлгийге көшіп келіп, Баян-Өлгийдегі театрда музыка жайын үйретті (Töleukhan, Iskak 1981, S. 40).

Содан кейін 1960-1962 жылдар ішінде Тастановтың орнына Мыразабеков Баян-Өлгийге келіп жұмыс істеген (Azattyk radiosy 2009).

Қазақстаннан музыка мәдениетінің трансплантациясы осылайша басталды. Сол Баян-Өлгийдің музыка мәдениеті жаңадан қалыптасуы үшін Қазақстанның музыка мәдениеті жүйесін әкеліп, сосын үйретіп, жаңа Баян-Өлгийдегі жаңа музыка мәдениетін жасаған.

Сонымен қатар, 1958 жылы Баян-Өлгийде Қазақ ұлттық аспаптар оркестрін құру үшін Қазақстанның музыка аспаптардың шеберлері де Баян-Өлгийге келіп

жұмыс істеген. Яғни Қазақстанның оркестріндегідей әр түрлі музыка аспабын жасаған. Соның мақсат үшін Қазақстанның атақты қобыз жасау шебері Қамар Қасымов Баян-Өлгийге келді. Ол 1930 жылдарда Қазақстанда оркестрде ойнай алатын қобызды жаңадан жасаған (KRBGM 2010, S. 390). Сондықтан Моңғолияға келгенде де Қазақтың қобызын Қазақстанда жасаумен бірдей жасауы мүмкін. Яғни қобыздың үнін және мөлшерді өзгеріп Бас қобыз, Тенор қобыз, Прима қобызды жасады. Қасымовтан басқа Қапар, Лувсансүрэн, Баяндэлгер деген аспаптың шеберлері де болған.

Қорытынды айтсақ, ән, аспаптың жаңадан жасау, оркестр құру сияқты музыка жүйесін Қазақстаннан трансплантациялап, яғни импорттап әкеліп, Социализмнің Халық музыка мәдениеті Баян-Өлгийде құрылды. Осындай ұлттық музыкасын орындайтын ұйым ретінде 1959 жылы Европада туылған «Оркестр» деген идеясын Қазақтың музыкаға дағдыландырған «Баян-Өлгий аймағы Ұлт аспаптар оркестрі» атты оркестр құрды.

Төлеухан мен Ысқақтың жазуынша, осы Ұлт аспаптар оркестрін құрғандағы мақсаты Аймағымыздың мәдениет ұйымы мен музыканың профессионал дайындауы дейді (Töleukhan, Iskak198138). Toda айтуынша, 1930 жылдарда Қазақстанда Қазақтың Фольклорден ұлттық музыкаға дейін дамып, жаңадан құрылуы үшін Қазақстан үкіметі көңіл бөліп жүргізген (Toda 1999, S. 17-18). Бірақ Моңғолиядағы Қазақтар үшін өзінің Фольклоры қандай болғаны белгісіз. Себебі, Баян-Өлгийде Фольклорды тарату орнына Қазақстаннан музыка мұғалімдері, музыканттары келіп, Қазасқтанға оқуға барып, Жаңа музыка мәдениетін құрған. Яғни Қазақстаннан музыка мәдениеті импорт еткендіктен, Моңғолиядағы Қазақтың мәдениеті Қазақстанның мәдениетімен бірдей болған.

2-1-1. Баян-Өлгийдің концерттен қараған Қазақ «Халық әндері». 1950 жылдардан 60 жылдарға дейінгі аралықта Моңғолия Қазақтары Қазақстаннан Музыка жүйесін, яғни музыка техникасын алып (=Трансплантация етіп), құрылған. Солай болса, сол кезде қандай концерт ұйымдастырып, қандай әндерді орындаған?

Баян-Өлгий аймағы Музыка Драма Театрында 1956 жылда «Театр орналасқан концерт», 1959 жылда «Баян-Өлгий аймағы ұлт аспаптар оркестрі орындаған концерт», сосын 1960 жылда Моңғолияның астанасы Ұлан-баторда ұйымдастырған «Баян-Өлгий аймағының әдеби мәдениетінің он күндігі» болатын. Сонің бірі 1959 жылда болған Баян-Өлгий аймағы ұлт аспаптар оркестрі орындаған концертке көңіл бөліп көрейік.

1959 жылда Қазақстаннан әсер етіп орналасқан Баян-Өлгий аймағы Ұлт аспаптар оркестрінің ашылу орайына той, концерт, театр ұйымдастырылған. 1959 жылы 12-айдың 31-і күні болған концертте Қазақстанмен қарым-қатынас байланысы күшейгенін көруге болады. Сондықтан сол кезде барлығы 21 ән, күй орындалғанда, Моңғол әнінен 2 ән ғана ойналған. Атап айтса, көбінде Қазақ әндері болған (Töleukhan, Iskak 1981, S. 40-41).

Сонің ішінде Қазасқтаннан келген музыкант Тастанов, концерттің жарым номеріне қатысып, орындаған. Ол өзі жасаған «Қазақ Биі» деген биін режиссермен сахнада орындаған. Және Қабыкей Қазасқтаннан әкелген Құрманғазының күйлерін де орындаған. Мысалы «Адай», «Қазақ вальсы» сияқты қазір де кең тараған ән, күйлер де бар. Сондай-ақ, Моңғолиядағы Қазақтардың жазған ән-күйлері де бар. Алайда Моңғолия Қазақтарының форклорлық, яғни ескі әндері орындалмаған.

Осындай 1959 жылда ұйымдастырылған концертте Қазақстаннан келген көп әндер орындалған. 1950 жылдарда Қазақстаннан атақты күйлер, әндер сияқты

музыка мәдениетін әкеліп, өзінің музыка мәдениетін құрған деп ойлаймын. Ал осы мәдениетте Моңғолиядағы Қазақтардың локальность=форклоры жоқ болған мәдениет деуге болады.

2-2. Локальностьдегі мәдениетінің қалыптасуы (1960~1990). 1950 жылдардан Қазақстаннан музыка мәдениетінің трансплантация еткен Моңғолиядағы Қазақтың музыка мәдениетті содан кейін өзі Фольклор енгізіп 1960 жылдан қалыптасты. 1960 жылдан Моңғолиядағы Қазақтардың Ұлттық аспаптар оркестрада өзі форклорды кіргізіп ойнаған. Яғни Оркестра арқалы Социализмнің өзінің «халық әндері»-ді ойнаған.

1950 жылдарында Қазақстанның әсерімен театрдың сахнасында Қазақстанның ән-күйлері ғана орындалды. Бірақ 1960 жылдан Моңғолияда Қазақтың әндерін көңіл бөліп, орындай бастаған. Яғни музыканттары Баян-Өлгийдегі «Локальность» яғни Баян-Өлгий қазақтарының ескі заманнан айтып келген әндерді жинай бастады.

Моңғолиядағы Қазақтардың ескі әндерін 1950 жылдардың аяғынан Қазақстанның Тастанов және Қабыкей екеуі жинай бастады (Töleukhan, Iskak 1981, S. 72). Қырға барып, ескі әндерді білетін қариялардан әндер жазып алды. Солар нотаға түсіп, «Моңғолия Қазақтарының халық әндері» атты кітап 1965 жылы жарық көрді (Kabikei 1983, S. 3). Осы нота жинағының директор болған Қабыкей 1965 жылдан кейін бірнеше рет Моңғолия Қазақтарының халық әндері және күйлердің жинағын шығарған мысалы 1983 жылда «Моңғолия Қазақтардың халық әндері» деген кітабі жарық көрген (Kabikei 1983). Осы кітабында Моңғолия Қазақтары айтқан 325 әнді жинады (Kabikei 1983, S. 3). Қазақстанның халық әндерімен бірдей атты әндер де бар болса да әннің сөзі өзгеше болып, әрине, Қазақстанда көп айтылған әндері енгізген жоқ (Kabikei 1983).

Тағы бір Қабыкейдың кітабында «Баян-Өлгий Қазақтарының домбыра сыбызғы күйлері» деген де бар. Соның ішінде ескі заманнан ойнап келген Домбыра және сыбызғының күйін соның тарихымен жазылған (Kabikei 1976). Содан басқа Қабыкей, Сыбызғышы Көлек, Өсерхан, Мүсайфтардың жасаған күйлер де бірге енгізген. Соның ішінде қазіргі заманда Қазақстанда ойналатын күйлер де аз болса да енгізілген болатын.

Солайша Моңғолиядағы Қазақтардың халық әндерін Қабыкей басқарып, Қазақстанның музыкасынан бөлек жинаған.

Қабыкей жинаған халық әндерін Баян-Өлгий аймағының театры және Мәдениеті ойнады. Біздің ойымызша, 1970 жылдан Қазақстаннан музыканттар көп келмегендіктен, Моңғолиядағы Қазақтар өзінің мәдениетін қалыптастырған.

1960 жылдардан ұлт аспаптар оркестрінде Ахметбек, Қабыкей, Мүсайф, Бержан сияқты Қазақтың режисерлары оркестр басқарып ойнады. Соның оркестранда:

1. Домбыра, Домбыра-прима, Домбыра-альто, Домбыра-тенор, Домбыра-контрабасс;
2. Қобыз прима, Қобыз альто, Қобыз тенор, Қобыз контрабасс;
3. Баян;
4. Сыбызғы;
5. Одар.

Деген Қазақтың жаңадан жасалған аспаптарынан құрылды. Осы құрылған аспаптарда Моңғолияның аспаптары жоқ болғаны маңызды.

Сөйтіп, Қазақстан және Ресейдің әсер етіп орнаған қазақ ұлт аспаптары оркестрінде Моңғолиядағы Қазақтардың әндері ойналды. Яғни Кәсіпқой Қазақ музыка мәдениеті құрылғалы Моңғолия Қазақтың музыка мәдениеті жаңадан

қалыптасты деуге болады.

3. Қазақстанның фонограмма қолдануы (2000~...)

3-1. Фонограмма қабылданған процесс. Жоғарыдағы бөлімдерде 1950 жылдарда болған Қазақстан және Моңғолияның музыка жағының байланысы жайлы жазылды. 1970 жылдан Моңғолиядағы Қазақтардың Фольклоры да ойналып келген. Бірақ осындай жағдайдан қайта Қазақстанның әндері кең тарайтын кезі 2000 жылдан болады. Яғни Баян-Өлгий аймағында электрлік аспаптары келіп, Баян-Өлгийліктер соларды қолданып, Қазақстанның әндерін ойнай бастады.

Осылай «Қазақстан музыкасы» қандай себеппен Моңғолиядағы қазақтар ішінде ойналады? Және де осындай жағдай қалай шықты?

Сондықтан осы бөлімте Қазақстан әндері шекті асып ойнаған жағдайын «Дастархан»-ның жағдайымен жалғастырып баяндайын деп едім. Осы мақалада баяндалған Қазақстан әндері дегенде Қазақстанда жасалған Эстрада әндерін айтамыз.

Өлгий қаласында ұйымдастырылан тойларда әдетті әндер айтылып жатар. Осындай той кездерінде халық аспабы домбыра емес, домбыраның дауысы енізіліп жасаған «фонограмма (Panagramma)» қолданылатын болды. Фонограмманың көбі Қазақстанда жасалып, Өлгийліктер олармен бірге ән айтып жатар. Осы фонограмма деген Караоке дауысы сияқты, әндердің оркестр ғана шығарған нәрсе. Ресейде Минусовка (Minusovka), Моңғолша Бичлэг (Bichleg) деп аталады. Сол сөздері тек орыс тілінен келіп, Өлгий тұрғандарына тараған екен.

Фонограмма дегенді 2000 жылғы дейін ешқандай қолданып ән айтпаған. Ерекше қарапайым адамдар ішінде фонограмманы алатын телефон, компьютер жоқ болғандықтан, фонограмманы алып, ойнатуға мүмкіндігі жоқ болатын. 2000 жылдардың басында Баян-Өлгий аймағының Музыка Драма Театрдың бір тобы фонограммамен ән салған екен. Осы Баян-Өлгийде алғашқы фонограмма қолдануы деп ойлағанда да дәл қашан деген толығырақ белгісіз.

Осылай алғаш ешкім қолданбаған фонограмманы көп қолдана бастаған бір оқиға бар. Бұл 1999 жылда үлкен Диска (әрі қарай Думан) салынып ашылған бір себебі деуге болады. Осы Дискадай орын сол кездерге дейін бар болған. Тек Диска деп салынған ғимарат бірте-бірте жыл өткенде «Үйлену тойы» үшін пайдаланатын болды. Қазір Өлгийде үлкеннен кішкентай әр түрлі 7 Думан яғни той орындары жұмыс істеп тұр.

Баян-Өлгийдің той орындары ішінде ең үлкен және ең алғаш ашылған Нұрда дискосында ойлағанда 100 адам сиятын 3 зал бар. Және осындай орында үйлену тойын ұйымдастырады. Содан кейін Моңғолиядағы Қазақтардың үйлену той өзгеріп кетті. Мысалы: 2005 жылдан бұрынғы үйлену тойлары қазақтың дәстүрлері бойынша ойнаған. Қазақ киіз үйі құрылып, аз ғана туысқандары жиналып ойнаған. Ал 2005 жылдан кейін ерекше осы «Думан»-да той ашылғаннан бастап, Өлгий қаласында болған барлық тойлар Думанда тойланатын болды. Осылай өзгерудің кесірінен олардың музыка тәжірибиесі де өзгеше - болды. Бұрын киіз үй ішінде, Гитар, Домбыра, Баян сияқты аспаптар ойналып айтылған әндер көп болған. Алайда көп кісі жиналған Думанда қатты дауыс қоймаса, адамдар естімейді. Сондықтан фонограммамен ән айтатын болды. Сол себептен кім, не айтып жатыр дегенді музыканың ең маңызды ішіндегісі түсінбей қалған.

Осындай тойда Беташар сияқты Қазақтың дәстүрі бойынша тойлайды. Осында қандай әндері ойнайды деп айтсам, «Ана туралы жыр» деген Эстрададан басқа фонограммамен көбінесе Махаббат туралы әндер ойналады.

Осында адамдар сөз айтқанда микрофонмен сөйлейді. Солай болмаса дауыс адамдарға жетпейді. Және тойда жиналған барлық адамдардың көбі бір-бірін танымайды. Туысқандардан басқа жұмыс орынның қызметшілері, достары шақырылады. Сондықтан танымаған адам жиналып Үйлену той емес, Үйлену «Шоу» сияқты нәрсе болып жатыр деп көрінеді.

3-2. Қазіргі жағдай. Фонограмма тек Баян-Өлгийдің той орнында ғана емес, Мектеп, Университет, Театр деген кісілер жиналатын орындарда да үнемі қолданылып, ән айтылады.

Соның бірі, Мектеп, университетте маусым сайын түрлі ән кеші, ән сайысы болады. Әрине Сабағында Домбыра, басқа хорды үйретсе де қандай бір той болғанда фонограммамен ән айтады. Мектепте оқитын балалар Баян-Өлгийде отырса да Қазақстанның телеарнасын көріп, теледидарда шыққан әдемі әнін тапса, фонограммасын іздейді. Сосын интернеттен фонограмма жазып алып, жаттап, сахнада ойнайды. Яғни Баян-Өлгийде тұрса да, Қазақстандағы әндердің ақпаратын оңай алып тұр. Сондықтан Қазақстандық мәдениетке жақындап танысып жатыр.

Тағы бір орны Театрында концерт кезінде фонограммамен ән айтқаннан басқа фонограммамен күй шертеді. Баян-Өлгийдегі Театр 1950 жылдан жаңа музыка мәдениетін қабылдап басқарған ұйым болған. Фонограмма қабылдағанда да 2000 жылда алғаш театрдың сахнасында фонограммамен ән айтқан. Соңғы кезде Моңғолиядағы музыкалық әндерге де фонограмма жасай бастады. Бірақ әлі сахнада ойнағанда ғана қолданып, театрдың орындаушыларынан басқаға тараған жоқ.

Осындай Баян-Өлгий жерінде Қазақстанның әндерінің етек жаюы бір себеп деп анықталды. 2000 жылдан Қазақстанның әндері тағы да Баян-Өлгийге кіріп, сосын 2010 жылдан бері қарапайым адамдар да интернет арқалы фонограммасын жазып алып, ойнай бастаған. Сондай жағдай жай той орны ғана емес, көпшілік адамдар жиналған әр жерлерде фонограммамен ән айтып жататын болған. Бірақ фонограмма деген Қазақстанда жасалғандықтан көбінде Қазақстанның әндері болады. Ал Моңғолиядағы Қазақтардың әндеріне әлі фонограмма көп жасалған жоқ. Сондықтан Моңғолияда Қазақстаннан басқа Моңғолия Қазақтарының әндерін көп орындамайды деуге болады.

4. Қорытынды

4-1. Шекті асып бірлігіен Қазақ музыка мәдениеті. Мақаламызда 1950 жылдардан 2000 жылдар арасында Моңғолиядағы Қазақтар қалай Қазақстанның музыка мәдениетін қабылдап, орындап келгенін анықтауға тырыстық. Анықтағанымыз бойынша 2 қорытынды жасаймыз.

Біріншісі, ұлттық музыка мәдениеті құрылып, қалыптасуы үшін Қазақстанның музыка мәдениетіне сілтеме жасаған. Атап айтсақ, Социализм кезінде Қазақстанның саясаты бойынша 1930 жылда Қазақстанда қалыптасқан музыка мәдениеті және жүйесін Баян-Өлгийге әкеліп, осы жүйе бойынша Қазақстанның музыка мұғалімдері Баян-Өлгийде оқытып, және де Баян-Өлгийдің кейбір музыканттары Қазақстанға барып, музыка білімді оқып алған. Сөйтіп Моңғолиядағы Қазақтардың музыка мәдениеті қалыптасқан. Бірақ, маңыздысы, Фолклоры жинағаннан бұрын Қазақстанның мәдениетін алдын ала қабылғандықтан, Баян-Өлгийде қалған ескі ән, күйлерін орындамай, Қазақстанның музыкасын ойнаған. Сондықтан 1960 жылдан дейін олардың ескі әндері сахнада ойнамаған.

Ал осындай Моңғолиядағы Қазақтардың әндері 1970 жылдан көңіл бөліп жаңадан жасалған. Қазақстанда 1930 жылдардың басында Фольклорды жинап сосын ұлттық музыка мәдениеті қалыптасқан. Бірақ Моңғолиядағы Қазақтар

ретінде алдан ала Қазақстанның ұлттық музыка мәдениетін қабылдап, содан кейін Фольклорды енгізіп, жинап қалыптасқан. Алайда сол кезден қазірге дейін Моңғолиядағы Қазақтардың фольклорды сондай көп ойнамаған жағдайы бар. Сол неге?

Соның бір себебі фонограмманың Моңғолиядағы Қазақтар ішінде кеңінен қолданыла бастауы болған. Социализм кезінде ән айтқанда негіз фонограммамен емес, домбыра, Баян сияқты музыка аспаптармен ойнады. Бірақ 1990 жылдың аяғынан 2000 жылдарда Театр, Зал деген үлкен орында той болғанда көп адамдар фонограмманы қолданып ән айта бастаған. Осы фонограммалар, әрине, Қазақстанда жасалғандықтан, Моңғолиядағы Қазақтардың әні емес, Қазақстанның әндері орындалды.

4-2. Локальностьтегі мәдениет Қайда кеткен? Сонда Моңғолия Қазақтардың ескі ән, күйлері=Локальность деген қайда кетті? Шынын айтсақ, осындай «Баян-Өлгийдің ескі әндер» деген жоқ болуы мүмкін. Меніңше, негізі 1940 жылдарға дейін Моңғолия және Қытай Шыңжаңның арасында шек жоқ, еркін жүруге болды депті. Бірақ 1945 жылдан бері қатты заң шығып, екі аймақ арасында еркін жүруге тыйым салынған. Сондықтан Моңғолиядағы Қазақтар Моңғолияның ішінде ғана өмір сүруі керек болды. Әдетте локальность «орынын шектегендіктен туылған идея». Бірақ Моңғолиядағы қазақтар үшін орынын шектеу 1940 жылы деген жай жүргізген. Сондықтан Моңғолиядағы Қазақтардың Локальность және Шыңжаңдағы Қазақтардың Локальності бірдей болатын. Сондықтан 1950 жылдарда «Баян-Өлгийдегі қазақтың фольклоры» деген жоқ болуы мүмкін.

Алғыс. Осы мақала жазу барысында көмек көрсеткен көп адамдарға алғыс жолдаймын. Ерекше Баян-Өлгийде кездескен өнерлі, талантты адамдарға, достарыма, Өскемендік Анар Смағұлова және Ақерке Хизатқа көп рақмет деп айтамын.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Baast B Güldengen Bai-ölgei(Jol belgileui). – Ölgii, 1951
2. Bayan-ölgii Aimgiin statiskiин kheltes(BÖASKH) Khün amyn too ündes ugsaa, khuviar 2000, 2010on // Bayan-Ölgii Aimag Khün am Oron suutsni 2010oni ursyn toollogin negdesen dün. – Ölgii, 2013
3. Post J.C 'I take my dombra and sing to remember my homeland': Identity, Landscape and Music in Kazakh communities of Western Mongolia // Ethnomusicology Fourum(16) . – Ölgii, 2007. – P. 45-69.
4. Kabidash K. O fol'klope kazakhov v MNR // Aman zokhiol sudlal. – Ulaanbaatar, 1975. - S. 21-27.
5. Kabıkey A. Bayan-ölgii kazakhtarinnın dombıra jane sıbzıgı kuileri. – Ölgii, 1977.
6. Kabıkey A. Mongoliya Kazakhtarinnın khalik anderı. - Ölgii, 1983
7. Kazakhstan respublikası Bilim jane ghalım ministrlıgi usıngan // Kazakh madenieti Entsiklopediyalik anıkhtamalık. - Almaty, 2010.
8. Mongolkhüü B. - Tsast altain chuulgan. – Ulaanbaatar, 2009.
9. Sultan T.,Zul"kafil' M. Bayan-ölgii aimagiin nevertkhii tol'. – Ulaanbaatar, 2010.
10. Sultan T.,Zul"kafil' M. History of Kazakhs in Mongolia (Mongol kokuno Kazakh jin no rekishi) // University of Shiga prefecture 's jurnal. - 2013. - № 34. - P.85-95.
11. Toda Noriko. From Folklore to Soviet National Culture - The Process of Formation of «Kazak National Music» (1920-1942) // Slavic Studies. – 2013. – № 46. - P.1-32.
12. Töleukhan. K., Istak T. Bayan-ölgiiy Muzyka Madenieti. - Ölgii, 1981.
13. Watanabe Hibi. The Watanabe, H. 1999. Sovieto minzoku bunka no keisei to sono kouka- "Minzoku"gakuteki chishiki kara chishiki no jinruigaku he- [The Formation of Soviet National Culture and its Effects: From Knowledge of Ethnology to Anthropology of Knowledge-] // Reports and Discussion Papers from SRC Seminars. – 1999. - № 64. - P.1-31
14. Bayan-ulgiidegi qazaq madenieti qaita jangyrtudy qalaıdy. [Электронный ресурс] // Радио Азаттық. – URL: http://www.azattyq.org/content/Kazakhstan_bayan_olgyi_kazakh_music/1829144.html, (дата обращения 23.10.2015).

References

- Baast 1951 – Baast, B 1951, *Güldengen Bai-ölgei (Jol belgileui)*, Ölgii. (in Kaz).
- BÖASKH 2013 – Bayan-ölgii Aimgiin statistikiin kheltes(BÖASKH) Khün amyn too ündes ugsaa, khuvlar 2000, 2010on. 2013, *Bayan-Ölgii Aimag Khün am Oron suutsni 2010oni ursyn toollogjin negdesen dün.* (in Kaz).
- Post 2007 – Post, JC 2007, 'I take my dombra and sing to remember my homeland': Identity, Landscape and Music in Kazakh communities of Western Mongolia, *Ethnomusicology Fourum*, № 16, P. 45-69. (in Eng).
- Kabidash 1975 – Kabidash, K 1975 O fol'klope kazakhov v MNR. *Aman zokhiol sudlal*, Ulaanbaatar, P. 21-27. (in Rus).
- Kabikey 1977 – Kabikey, A 1977, Bayan-ölgii kazakhtarinnin dombira jane sibizgi kuileri, Ölgii. (in Kaz).
- Kabikey 1983 – Kabikey, A 1983, Mongoliya Kazakhtarinnin khalik anderi, Ölgii. (in Kaz).
- KRBGMU 2010 – Kazakhstan respublikası Bilim jane ghalim ministrlygi usingan (KRBGMU) 2010, *Kazakh madenieti Entsiklopediyalik anikhtamalik*, Almaty. (in Kaz).
- Mongolkhüü 2009 – Mongolkhüü, B 2009, *Tsast altain chuulgan*, Ulaanbaatar. (in Mong).
- Sultan, Zul'kafil' 2010 - Sultan, T, 'Zul'kafil', M 2010, *Bayan-ölgii aimagiin nevtarkhi tol'*, Ulaanbaatar. (in Kaz).
- Sultan, Zul'kafil' 2013 – Sultan T., 'Zul'kafil' M 2013, History of Kazakhs in Mongolia (Mongol kokuno Kazakh jin no rekishi), *University of Shiga prefecture 's jurnal*, № 34, P.85-95. (in Eng).
- Toda Noriko 1999 – Toda Noriko 1999, From Folklore to Soviet National Culture - The Process of Formation of «Kazakh National Music» (1920-1942), *Slavic Studies*(46), P.1-32. (in Kaz).
- Töleukhan, Istak 1981 – Töleukhan, K, Istak, T 1981, *Bayan-ölgii Muzyka Madenieti*, Ölgii. (in Kaz).
- Watanabe Hibi 1999 – The Watanabe, H. 1999, Sovieto minzoku bunka no keisei to sono kouka- "Minzoku"gakuteki chishiki kara chishiki no jinruigaku he – [The Formation of Soviet National Culture and its Effects: From Knowledge of Ethnology to Anthropology of Knowledge-], *Reports and Discussion Papers from SRC Seminars*, № 64, P.1-31. (in Mong).
- Bayan-ulgiidegi Nd – Bayan-ulgiidegi qazaq madenieti qaita jangyrtudy qalaidy, *Azattyq* retried 23 October 2015 <http://www.azattyq.org/content/Kazakhstan_bayan_olgyi_kazakh_music/1829144.html>.

Заимствование традиционной казахской музыки в музыкальную культуру монгольских казахов (1950-2010).

«Трансплантация» культуры и использование фонограммы

Фуки Яги

магистр антропологии, сотрудник Института региональной культуры Университета префектуры Шига. 2500 Япония Hassaka-tyo, Hikone city, Shiga prefecture, 522-8533. E-mail: fyagi32@gmail.com

Аннотация. Казахский народ проживает на территории Средней Азии, в Казахстане, в Монголии, в Синзяньском регионе Китая. С социалистических времен до настоящего времени в каждом регионе казахи создавали собственную музыкальную культуру, в каждом регионе появились своеобразные традиции казахских народных песен. Несмотря на наличие собственной музыкальной культуры, казахи Монголии не используют свою сложившуюся музыку, а предпочитают казахстанские песни. В этой статье приводится попытка анализа того почему монгольские казахи не используют свои песни, а играют казахстанские, осуществляется осмысление ситуации, сложившейся в музыке данных народов с 1950 годы по 2000 годы. Было выявлено наличие «трансплантации» элементов традиционной казахской музыки в музыкальную культуру монгольских казахов. В рамках политики между Монголией и КазССР в 1950 годы в драматический театр Западной Монголии приезжали преподаватели из Казахстана, а музыканты из Баян-Улгии (Монголии) ездили на обучение в Казахстан, чтобы освоить систему традиционной казахской музыки. В 2000-х годах с развитием электронных носителей, появлением интернет технологий, музыка, производимая в Казахстане, в виде фонограмм начинает становиться популярной в Баян-Улгии, активно использоваться на массовых мероприятиях. Казахская музыкальная культура сегодня очень сильно влияет на

культуру казахской диаспоры в Монголии.

Ключевые слова: казахи Монголии; этномузыкология; казахские песни; формирование народной песни; трансплантация культуры; фонограмма; принятие культуры.

The Relations of traditional Kazakh and Mongolian Kazakh musical culture (1950-2010). «Transplantation» of Kazakhstani culture and using soundtracks in Mongolia

Fuki Yagi

Master of Anthropology, Institute of Regional Culture of the University of Shiga Prefecture. 2500 Japan, Hassaka-tyo, Hikone city, Shiga prefecture, 522-8533. E-mail: fyagi32@gmail.com

Abstract. Kazakh people live in Central Asia in Kazakhstan, Mongolia, Xinjiang region of China. Since socialist times up to the present, in every region, the Kazakhs have been creating their own musical culture. In every region, there were peculiar traditions of Kazakh folk songs. Despite having their own musical culture, the Kazakhs of Mongolia do not use their existing music, but prefer Kazakh songs. This article is an attempt to analyze why the Mongolian Kazakhs do not use their own songs and prefer Kazakh songs. The author tries to understand the situation in the music of these peoples from 1950 to 2000. It has been revealed the presence of «transplant» elements of traditional Kazakh music in the musical culture of the Mongolian Kazakhs. As a part of the policy between Mongolia and the Kazakh SSR in 1950, teachers from Kazakhstan came to the Drama Theatre of Western Mongolia, and musicians from Bayan-Ulgii (Mongolia) went to study in Kazakhstan to master the system of traditional Kazakh music. In the 2000s, with the reek of electronic media, the advent of Internet technology, music, produced in Kazakhstan, in the form of phonograms is starting to become popular in the Bayan-Ulgii and is actively used at public events. Today, the Kazakh musical culture very strongly influences the culture of the Kazakh Diaspora in Mongolia.

Keywords: Kazakhs of Mongolia; ethnomusicology; Kazakh songs; the formation of folk songs; transplantation of culture; soundtrack; acceptance of culture.